

## "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 ақпандағы N 251 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.*

"Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамын қаржы дағдарысынан шығару және оның төлем қабілетін қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2173 U952173\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамы дәрменсіз борышқор деп танылсын және онда соттан тыс емес қайта ұйымдастыру процедуралары жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне акциялардың мемлекеттік пакетін және комбинат ұжымына иелік ету құқығымен берілген акциялар пакетінің өткізілмеген бөлігін берсін.

Қайта ұйымдастыру процедуралары жүргізілген кезеңде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тоқтатылсын.

2. "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамында санация жүргізу үшін Қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

Комиссия "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының қаржы-шаруашылық қызметін тұрақтандыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың жоспарын, оны материалдық-техникалық және шикізат ресурстарымен қамтамасыз ету бағдарламасын он күн мерзім ішінде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынатын болсын, сондай-ақ қаржы жағдайын бағалап, комбинат қарыздарының құрылымына талдау жүргізсін және оларды өтеудің тетігін әзірлесін.

Комиссияға "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекет және мемлекеттік кәсіпорындар алдындағы қарыздарына қатысты бөлігін кейінге қалдыру құқығы берілсін. Санация басталған сәттен бастап ағымдағы барлық төлемдер міндетті болып саналсын.

3. "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамы банктік қызмет көрсетілуі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілсін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамына кредит беруді, оның қаржы-шаруашылық қызметін тұрақтандыру жөніндегі бірінші кезектегі шараларға сәйкес санациялау жоспарын әзірлеп, бекіткенге дейін бастасын.

4 . < \* >

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 1996.07.15. N 3059 жарлығымен. U963059\_

5. 1996 жылдың 26 ақпанынан бастап өнім өткізу, шикізат, отын, материалдар беру бойынша жасалған контрактілердің күші тоқтатылсын, "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының сенімді басқарушысына контрактілерді сараптау және қайта жасау тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, мемлекеттік Медетші банкі 1996 жылдың 26 ақпанынан бастап "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамы үшін 300 (үш жүз) млн. теңгеге дейінгі сомада кредит берудің бірінші кезектегі лимитін белгілесін. Бұдан арғы ай сайынғы кредит беру қоймадағы дайын өнім көлемінің кемінде 85% есебінен жүргізілсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Шығыс Қазақстан облысының әкімі "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының әлеуметтік сала объектілерінің аяқталмаған құрылысын (1296 оқушы орнына арналған мектеп, тазарту құрылғылары) мемлекет меншігіне алсын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Шығыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесе отырып, 1996 жылдың 10 наурызына дейін әлеуметтік сала объектілерін жергілікті басқару органдарының балансына берсін.

9. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі акциялардың мемлекеттік пакетін сырттан басқаруға беруді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі бөлген кредиттерді қайтару мүмкіндігін ескере отырып, "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамын жекешелендіру жөнінде дайындық жұмысын жүргізсін.

10. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімі және "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамы бір ай мерзім ішінде "Ертіс полиметалл

комбинаты" акционерлік қоғамының босаған қызметкерлерін еңбекпен қамтуға жәрдемдесу бағдарламасын бекітсін. Босаған қызметкерлерді кәсіптік даярлау мен қайта даярлауға байланысты шараларды қаржыландыру Еңбекпен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі мемлекеттік қордың қаражаты есебінен жүргізілсін.

11. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Г.Г. Штойкке жүктелсін.

12. "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты", "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамдарының және Ертіс мыс балқыту зауыты акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 қыркүйектегі N 1247 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

осы қаулының атауы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамы мен "Ертіс мыс балқыту зауыты" акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға беру туралы"

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Далекс, Трейдинг Лимитед" фирмасының (Кипр) онымен "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамы мен "Ертіс мыс балқыту зауытының" акциялары мемлекеттік пакетін басқаруға беру туралы шарт жасасу туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н " ;

13. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 қыркүйектегі N 1247 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 қыркүйектегі N 1273 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1996 жылғы  
27 ақпандағы N 251  
қаулысына  
қосымша

"Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамында

қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу  
жөніндегі мемлекеттік комиссияның

ҚҰРАМЫ

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және

сауда министрінің орынбасары, комиссия  
төрағасы

Итеғұлов М.С. - Қазақстан Республикасы мемлекеттік  
Медетші банкі басқарма төрағасының  
орынбасары, комиссия төрағасының  
орынбасары

Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік  
комитеті төрағасының бірінші орынбасары,  
комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Әбілқасымов С.С. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі  
жанындағы еңбекпен қамту департаментінің  
төрағасы

Ахметов Ф.И. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрлігінің Экономикалық саясат  
жөніндегі басқармасы бастығының  
орынбасары

Забелин Ю.В. - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің  
бірінші орынбасары

Құлдаров Е. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Бас салық инспекциясының бас салық  
инспекторы

Маңсұров А.Г. - Шығыс Қазақстан облысы салық  
инспекциясының бастығы

Мұхамедқалиева М.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің бөлім бастығы

Раханов М.С. - Қазақстан Республикасы Жекешелендіру  
жөніндегі мемлекеттік комитеті

төрағасының бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК